

Е.Д.ИСАКОВ^{1*}, О.Б.МАЗБАЕВ², Ш.У.ЛАЙСХАНОВ¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
erlanchik-89@mail.ru*, ordenbek@mail.ru, laiskhanov@gmail.com

ГЕОГРАФИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Болашақ маманның кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруы мен қажетті нәтижелерге қол жеткізуі кәсіби құзыреттерге тікелей байланысты. Сондықтан, кәсіби құзыреттерді қалыптастыру мәселелерін зерттеуге арналған теориялық еңбектердің маңызы зор. Осы орайда, аталған мақалада, жоғары оқу орындарындағы кәсіби құзыреттілік негіздері мен география білім беру бағдарламалары студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Отандық және шет елдік ғалымдар еңбектері негізінде туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастырудың теориялық негіздері талқыланды. Сондай-ақ, білім беру бағдарламаларының реестріне тіркелген қазіргі географияның білім берудегі туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыру мүмкіншілігі бағаланып, туристік-өлкетануда кездесетін мәселелерді оңтайлы шешуге ықпал ететін өзіндік білім мен жеке ұстанымды қамтамасыз ететін құзыреттер ұсынылды. Бұл құзыреттер, «География» білім беру бағдарламаларына туризм және өлкетану бағытындағы құзыреттерді қалыптасу мен тиімділігін арттыру мақсатында А.В. Хуторской, И.А. Зимняя, Н.В. Ивлева, Ж.А. Дауренбаева, К.С. Құдайбергенова, К.Ж. Кожахметова және тағы басқа ғалымдар ұсынған негізгі кәсіби құзыреттер негізінде анықталды.

Түйін сөздер: құзыреттілік; география; туризм; өлкетану; студент; білім беру.

Кіріспе. Қазіргі таңда мамандарды даярлауда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жолдары әртүрлі. Ғылыми мәселелердің бірі ретінде «құзыреттілік» ұғымы әлі күнге дейін пікірталас тудырады. Әр түрлі әдебиет көздерінде бұл терминнің кең түсіндірмесі бар, ол көбінесе, кәсіби біліктіліктің белгілі бір деңгейін білдіру үшін қолданылады. Білікті маман – білімді, іскерлікті, белгілі бір деңгейдегі дағдыны кәсіби қызметте жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет [1; 2]. Сондықтан, құзыреттілік, маманның кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға, ішкі уәждемесінің болуын, сондай-ақ кәсіби құндылықтарды қалыптастыруды білдіреді.

Кәсіби құзыреттілік, ең алдымен, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдірудің жоғары деңгейіне және жеке іс-әрекет түріне тікелей

байланысты. Бұл іс-әрекет, бастапқыда университет қабырғасында қалыптасады, содан кейін тәжірибеден өту барысында дамиды және болашақта кәсіби қызметте сәтті болуды қамтамасыз етеді [3]. Сонымен қатар, кәсіби құзыреттілік көбінесе адамға жағдайды түсінуге және белгілі бір қоғам жағдайында жеке және кәсіби өмірде қажетті нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін қызметтің әмбебап әдістерін қамтиды.

Негізгі бөлім. Осы орайда, зерттеу тақырыбына сәйкес, жоғары оқу орындарындағы география білім беру бағдарламасы студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыру өте маңызды. Себебі, қазіргі таңда, мектеп географиясын оқытуда география мұғалімдерінің туризм және өлкетану бағытындағы тақырыптар мен ақпараттарды жеткізу деңгейі өте

төмен. Оған қоса, көпшілік мектептерде сабақтан-тыс туристік-өлкетану сағаттарының өтілмеуі, оқушылардың туристік-өлкетану бағытындағы білімдерінің болмауына, өз өлкесін танып білмеуге алып келуде. Сондай-ақ, жаңартылған бағдарламада туризм мәселелері өте нашар қарастырылып, шиыршық әдісіндегі туризмді жоғары сынып оқулықтарына бермегені орынсыз [4]. Соған қарамастан, кейбір мектеп ұжымдарының география пәні мұғалімдері арқылы аймақтық шолу экскурсияларын ұйымдастыруы, оқушылардың туристік-өлкетану салаларына деген қызығушылықтарын оятып, болашақта сол бағыт бойынша білім алуына өз септігін тигізуде. Оған, қазіргі ЖОО-ғы «Туризм» мамандығының студенттері дәлел.

Аталған мәселе, бойынша, жоғары оқу орындарындағы география білім беру бағдарламасы студенттеріне туризм және өлкетану бағытындағы пәндердің жеткілікті өтілуін және сол себептік кәсіби құзыреттерінің толық қалыптасуын тудыру қажет екендігін көрсетеді. Білім беру бағдарламаларының реестрінде «B014 – География мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәндер өте аз, оған қоса, бар пәндердің мазмұны сын көтермейді. Бұл жайлы, көптеген мамандар айтуда. Білікті географ Қ. Жоя студенттердің географиялық құзыреттілігін қалыптастыруда «Геоэкология және туризм» пәнінің оқу бағдарламасы тұлғалық-бағытталған және әрекеттік педагогикалық технологияларда, сондай-ақ проблемалық оқыту технологиясын қолдануда тиімді болатындығын анықтады. Ол, бұл технологиялар болашақ кәсіби қызметпен байланысты геоэкологиялық мәселелерге өз көзқарасын білдіре алатын, дұрыс шешім таба алатын және кәсіби қолайсыз жағдайдан шыға алатын құзыретті маманды қалыптастыруға мүмкіндік береді деп санайды [5]. Ал, О.Б. Мазбаев болса, география пәні мұғалімі кәсіби білім беруді тереңдету мен кеңейтудегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға, кәсіби қызметті тиімді орындауға дайын болуы керек деп есептейді.

Сонымен қатар, педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде шешілмеген мәселелер көп екенін атап, оқу процесін қайта құруға бағытталған аспектілер болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына және құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік екенін айтады [4, 166 б.]. Сайып келгенде, бұл мәселе, білім беру бағдарламаларының қайта қаралып туризм және өлкетану бағытындағы құзыреттерді қалыптастыратын пәндерді енгізумен және құзыреттерді қалыптастыру жүйесін тиімді құрумен өз шешімін таппақ.

Зерттеудің әдіснамасы. Бұл мақалада жоғары оқу орындарындағы «География» білім беру бағдарламалары студенттерінің білім беру бағдарламасына туризм және өлкетану пәндерін енгізу, тиімділігін арттыру, құзыреттерін қалыптасыру жолында А.В. Хуторской [1, 58-64 б.], И.А. Зимняя [3, 36-39 б.] және тағы басқа отандық ғалымдар Н.В. Ивлева [6], Ж.А. Дауренбаева [7], К.С. Құдайбергенова [8], К.Ж. Кожахметова [9] ұсынған негізгі кәсіби құзыреттерге теориялық: талдау, жинақтау, нақтылау әдістері қолданылып тиімділігі бағаланады.

Зерттеу нәтижелері. Жоғары оқу орындарындағы «География» білім беру бағдарламалары студенттеріне бекітілген пәндер бойынша білім беру бағдарламалық материалдарының жүйелі түрде ұйымдастырылуы географиялық білім беруді жетілдіру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді. Осы орайда, еліміздегі «География» білім беру бағдарламалары студенттерінің туристік-өлкетану құзыреттерін қалыптастыру мен жетілдіру мәселесі өзекті болып тұр. Себебі, бүгінгі күнде, педагогикалық университеттер мен институттарда болашақ география мұғалімдерін даярлау кезінде туризм және өлкетану мәселелеріне өте аз көңіл бөлінеді. Оған, туристік-өлкетану бағытындағы мамандардың жетіспеуі немесе болмауы себеп болуы мүмкін. Алайда, біз үшін, болашақ география мұғалімдерінің туристік-өлкетану құзыреттерін толық қалыптастырып, мектепке жұмысқа барғанда сабақтан тыс туристік-өлкетану жұмысарын жүргізуге құзыретті болуы маңыздырақ. Сондықтан, болашақ маманның тиісті білім мен білікті

оқу барысында алуына және өз саласында құзыретті болуына жағдай жасау керек.

Құзыреттілік - түлектің кәсіби қызметтің өзгеретін жағдайларында білімін, дағдыларын және жеке қасиеттерін өз бетінше қолдануға дайындығын білдіретін интеграцияланған сипаттама [9, 36-37 б.]. Педагогикалық теория мен тәжірибеде құзыреттілік тәсілі жоғары сатылардағы кәсіптік білім берудің деңгейлік сабақтастығы қағидаттарын әзірлеуде іске асырылады. Сондай-ақ, құзыреттілік маманның кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға ішкі уәждемесінің болуын, кәсіби құндылықтарды қалыптастыруды білдіреді. Кәсіби құзыретті маман өзін-өзі дамытуға және іске асыруға дайын болуы тиіс. Сонымен қатар, білім беруді тереңдету мен кеңейту қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жұмысты тиімді орындауға дайын болуы керек.

Құзыреттілікті қалыптасуыру мәселелерін зерттеу мен туристік-өлкетану мамандарын даярлауда, зерттеу тақырыбына сәйкес, А.В. Хуторской, И.А. Зимняя, Н.В. Ивлева, Ж.А. Дауренбаева, К.С. Құдайбергенова, К.Ж. Кожаметованың еңбектері өте құнды. Олар, негізгі құзыреттерді қалыптастыру мүмкіндігін кең көлемде қарастыра отырып өзіндік бағыттарын ұсынған:

1. *А.В. Хуторской ұсынған негізгі құзыреттер.* Әлемдік педагог-ғалымдардың басым көпшілігі мойындайтын А.В.Хуторской ұсынған негізгі құзыреттерде: құндылық-мағыналық; жалпы мәдени; оқу-танымдық; ақпараттық; коммуникативтік; әлеуметтік-еңбек; тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттері қарастырылып кәсіби құзыреттіліктің өзіндік анықтамасы берілген. Ол: кәсіби құзыреттілік – «дербес және жауапкершілікпен әрекет етуге мүмкіндік беретін психикалық жағдай, адамның еңбек нәтижелерінен тұратын белгілі бір еңбек функцияларын орындай алатын қабілет» деп нақтылайды [1, 62 б.]. Автор, құзыреттілік ұғымын жеке тұлғаның жетілуімен және еңбек функцияларын орындау кезінде нәтижелі әрекет етуге және нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктің пайда болуымен байланыстырады.

Осы орайда, А.В. Хуторской ұсынған негізгі құзыреттерді негізге алған орынды. Туристік-өлкетану бағытындағы білікті маман Н.В. Ивлева өзінің «Туристік-өлкетану іс-әрекеті оқушылардың адамгершілік тұлға-сын қалыптастыру құралы» атты еңбегінде: «туристік-өлкетану іс-әрекеті – жеке тұлғаны жан-жақты дамытудағы кешенді құрал. Ол өзіне жеке тұлғаны қалыптастырушы кең мазмұнды алуан түрлі формалар мен әдістерді біріктіреді» – деп өзіндік анықтамасын берген [6, 24 б.]. Сонымен қатар, Н.В. Ивлева негізгі құзыреттердің салалық ерекшеліктерге байланысты әртүрлі деңгейде көрініс табатындығын және нәтижесінің бірдей болмайтындығын ескертеді.

Отандық маман, Ж.А. Дауренбаеваның өлкетануға берген анықтамасында А.В. Хуторской ұсынған негізгі құзыреттер көрініс табады, ол, «өлкетану» – сол өлкеде туып, өсіп, тіршілік ететін азаматтарды қоршаған ортаның материалдық және рухани құндылықтарымен таныстыра тәрбиелеп жетілдірудің және ұлтжандылық сезімін оятудың қайнар көзі – деп анықтайды [7, 56 б.]. Сондай-ақ, Ж.А. Дауренбаева А.В. Хуторской ұсынған: құндылық-мағыналық; жалпы мәдени; оқу-танымдық негізгі құзыреттіліктерін қамтып өлкетанудың өзіндік анықтамасын берген. Бұл, А.В.Хуторской ұсынған негізгі құзыреттерінің өміршендігін көрсетіп, тиімділігін дәлел-дей түскендей.

2. *И.А. Зимняя бойынша негізгі құзыреттер.* И.А. Зимняя негізгі құзыреттерді келесідей бөледі [3, 39 б.]:

– жеке тұлға ретінде студентке қатысты құзыреттер: денсаулық сақтау; әлемдегі құндылық-мағыналық бағдарлау; интеграция; азаматтық; өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру;

– адамның әлеуметтік өзара іс-әрекетіне жататын құзыреттер: қоғаммен қарым-қатынас; қарым-қатынастың әр түрлі деңгейлері;

– адам қызметіне қатысты құзыреттер: танымдық іс-әрекеттік; қызметтік; ақпараттық технологиялық.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл автор құзыреттілікті білім беру процесінде

тиімді қызмет ету үшін қажетті жағдайлар жасайтын кәсіби өкілеттіктердің, функциялардың жиынтығы» ретінде қарастырып, кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті құзыреттіліктің тиімді орындалуын қамтамасыз ететін кәсіби, жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде ұсынады.

И.А. Зимняя ұсынған негізгі құзыреттерді негізге ала отырып Е.В. Барышникова «... педагогикалық еңбек шебері – бұл, ең алдымен, кәсіби білімді, дағдыларды, қабілеттерді жоғары деңгейде шығара алатын психологиялық-педагогикалық және өзіндік саладағы жоғары білікті маман», дей-келе, ол, өз пікірін құзыретті мұғалім кәсіби, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қасиеттердің жоғары деңгейін біріктіреді деп түйіндейді [2, 25 б.]. Ал, Р.В. Овчарова болса педагогикалық құзыреттілікті педагогикалық іс – әрекетке дайын, психологиялық қасиеттердің белгілі бір жиынтығы ретінде қарастырып И.А.Зимняя ұсынған негізгі құзыреттерді қолданушы ретінде көрініс тапты [10].

3. *Қазақ ғалымдарының ойлары.* Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мен оны дамыту жолында, бүгінгі күнге дейін, отандық көптеген ғалымдар еңбектеніп өздерінің зерттеулерін жүргізген. Соның ішінде, К.С. Құдайбергенова [8, 56 б.], К.Ж. Кожаметова [9, 318 б.] мен А. Алдашеваның [11] орны ерекше.

Құзыреттілік ұғымы жайлы отандық маман К.С. Құдайбергенова «Құзыреттілік табиғаты - тұлғаның өзіндік дамуында» атты еңбегінде былай деп көрсетті: «Құзыреттілік ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендірілген ұғым» десе [7, 56 б.], бұл жайлы К.Ж. Кожаметова «Білім алушының шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту» еңбегінде «өзінің практикалық әрекет арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзыреттіліктер деп атаймыз» деп анықтады [9, 37 б.].

Ал, жоғары кәсіптік білім беру саласындағы А. Алдашеваның пікірінше, «Құзыретті адамдар – өз білімдерін өзгертін жағдайларда қолдана алатын және негіз-

гі құзыреті өмір бойы өзін-өзі оқытуға мүмкіндігі болатын адамдар» болды [11, 52 б.].

Ғылыми зерттеулерге жасаған талдау кәсіби құзыреттілік пен туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің білім беру мен оны дамытуда ықпалының зор екендігін көрсетеді.

Сайып келгенде, А.В. Хуторской, И.А. Зимняя және тағы басқа отандық ғалымдар ұсынған құзыреттер құндылық пен дүниетаным саласын, қоршаған ортаны көру, сезіну және түсінуге, тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге, бағдарлануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттер екендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан, құзыреттілік мағыналық, мотивациялық, қатынастық және реттеушілік құрамдармен сипатталады.

Пікірталас. Нәтижені талқылау. Қазіргі таңдағы білім беретін ұйымдар жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды институттарының бірі ретінде, студенттерге әсері неғұрлым күшті, шешуші мәнге ие даму жолдарын іздеп табуы керек. Бұл, жоғары мектеп географиясының білім беру бағдарламалары пәндер бойынша білім, білік, дағдылар және ғылыми көзқарастар жүйесін қалыптастыру үшін қаржет. Сондай-ақ, тәрбиелік міндетті шешуге арналған: адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, табиғатты аялау мен өз өлкесін қастерлеуге, білімге, шығармашылыққа, белсенді қоғамдық өмірге деген қажеттілікті қалыптастыруда маңызды. Бұл міндеттер тек білім берумен ғана шешілмейді, сондықтан педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты студенттерді білім жүйесімен қаруландыру ғана емес, олардың танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттерін, соның ішінде танымдық қызығушылықтарын, оқу және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Осы орайда, зерттеу жұмысының нәтижесіне сәйкес, жоғары оқу орындарындағы туризм және өлкетану бағытында аянбай еңбек етіп зерттеулер жүргізген ғалымдардың [12; 13; 14] еңбектері орасан зор. Атап айтқанда, А.А. Саипов, туристік қызметтің әлемдік және отандық дәстүрлері мен оның даму деңгейін ескере отырып туристік мамандарды кәсіби педагогикалық даярлауды жүзеге асырудың қажеттілігін

айқындап, туризм менеджерінің жеке тұлғалық қалыптасуының белгілері мен көрсеткіштерін зерттеген [12, 105 б.]. Ол, қоршаған ортаны тану, бағдарлану құзыреттерін қолдаған. Ал, Ә.Ә. Жолдасбеков болса өзінің ғылыми зерттеуінде қазіргі Түркістан облысындағы аймақтық туризм арқылы кәсіби туристік кадрларды даярлаудың жүйесін жасаған [13, 138-139 б.]. 1993 жылдардағы автор О.Б. Мазбаев «Болашақ география мұғалім-дерін мектеп оқушыларымен туристік-өлкетану іс-шараларын басқаруға дайындау» атты ғылыми еңбегінде география мұғаліміне қажетті құзыреттерді берген [14, 23 б.]. Ол, дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырудың ықпалды құралы ретінде, оқушылар мен студенттердің адамгершілік қасиеттерін, моральдық интеллектуальдық ортасын анықтаған. Осы бағытта, Қ. Жоя, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, табиғатты аялау мен өз өлкесін қастерлеуге, білімге, белсенді қоғамдық өмірге деген қажеттілікті қалыптастыруға проблемалық оқыту технологиясы арқылы қол жеткізуге болатындығын айтады [5, 31-35 б.б.]. Оның оң әсері ретінде оқу процесінің дамытушылық әлеуетін жандандыру, өзіндік іздеу қызметі, елеулі танымдық деңгейі, субъекті қарым-қатынасы, оқу процесі кезінде барлық студенттердің жеке уәждемесі, практикалық бағыттылығы табылды. Демек, зерттеу жұмысының нәтижесі ғылыми негіздерге

сүйене отырып, дәйекті ақпараттардың негізінде алынды.

Қорытынды. «География» білім беру бағдарламалары студенттерінің кәсіби білімдерін жетілдіруде туристік-өлкетану құзыреттерін жүйелі түрде қалыптастыру өте қажет. Себебі, қазіргі жоғары оқу орындарындағы география білім беру бағдарламаларының туризм және өлкетану құзыреттерін толық қалыптастыруға қауқары жоқ. Сондықтан, географиялық білім беру бағдарламаларында туризм және өлкетану құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіншілік беретін жаңа пәндер мен білім беру мазмұны енгізілуі тиіс. Осы орайда, біз, А.В. Хуторской, И.А. Зимняя және тағы басқа отандық ғалымдар ұсынған құзыреттерді талдай келе, географиялық жоғары білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі және туристік-өлкетану құзыреттері ретінде: құндылық және дүниетаным, қоршаған ортаны тану, сезіну және түсіну, бағдарлану, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру негізгі құзыреттерін ұсынамыз. Сондай-ақ, «География» білім беру бағдарламасына «Туристік өлкетану негіздері», «Географиялық білім беру туризмі» пәндерін енгізу арқылы А.В. Хуторской, И.А. Зимняя және тағы басқа отандық ғалымдар ұсынған негізгі құзыреттерді толық қалыптастыру мүмкіншілікті бар екендігін ескертеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – № 2. – 58-64 бб. [Электрондық ресурс]: URL: <http://www.char.ru/346/105286.htm> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).

[2] Барышникова Е.В. Формирование профессиональных компетенций бакалавров педагогического вуза // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2013. – № 11. – 17-19 бб. [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnyh-kompetentsiy-bakalavrov-pedagogicheskogo-vuza> (өтінім берілген күні: 08.10.2019).

[3] Зимняя И.А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата образования / И.А. Зимняя // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – 36-39 бб.

[4] Mazbayev O., Alieva L., Demeuov A. Problematic issues of geographical education in Kazakhstan Mazbayev, O., Alieva, L., Demeuov, A. E3S Web of Conferences, 2020, 166, <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202016610032>

[5] Жоя Қ., Сарқытқан Қ., Исаков Е.Д., Туризм мамандарын даярлауда «Геоэкология және туризм» пәнін оқытудың педагогикалық технологиялары //Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – № 3(83). – 2020. 31-38 бб.

- [6] Ивлева Н.В. Туристско-краеведческая деятельность как средство формирования нравственной личности школьников: Автореф. дис.... канд. пед.наук: 13.00.01. – Алматы, 2006. – 24 б.
- [7] Дәуренбаева Ж.А. Өлкетану материалдарын пайдалану арқылы негізгі мектептің оқушыларын елжандылыққа тәрбиелеу: Пед. ғыл. кан. ... автореф. 13.00.01. – Алматы, 2008. – 24 б.
- [8] Құдайбергенова К. Құзырлылық-тұлға дамуының сапалық критерий //Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: ҚазМУ, 2008. – 30-32 бб.
- [9] Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы, Ғылым, 1998. – 317 б.
- [10] Овчарова Р.В. Практическая психология образования: Учебное пособие для студ. психол. фак. университетов. – М.: Академия, 2003. – 178 б.
- [11] Алдашева А.А. Профессиональная компетентность: понятие и структура /А.А. Алдашева //Вестник Адыгейского государственного университета. – 2012. – № 4(109). – 52 б.
- [12] Саипов А.А. Проблемы подготовки специалистов в системе туризма/ материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: АГУ им.Абая, 1997. – 105 б.
- [13] Жолдасбеков А.А. Организационно-правовые основы туристской деятельности в Республике Казахстан. – Алматы, 1987. – 136 б.
- [14] Мазбаев О.Б. Подготовка будущих учителей к руководству туристско-краеведческой деятельностью со школьниками: Автореф. дис. канд. пед.наук: 13.00.01; 13.00.02 / Казах.ин-т пробл.образования им. И.Алтынсарин, 1993. – 23 б.

References

- [1] Hutorskoj A.V. Klyuchevye kompetencii kak komponent lichnostno-orientirovannoj paradigmy obrazovaniya //Narodnoe obrazovanie. – 2003. – № 2. – б. 58-64 [Elektronдық resurs]: URL: <http://www.char.ru/346/105286.htm> (otinin berilgen kuni: 08.10.2019).
- [2] Baryshnikova E.V. Formirovanie professional'nyh kompetencij bakalavrov pedagogicheskogo vuza // Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. – 2013. – № 11. – 17–19 б. [Elektronдық resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnyh-kompetentsiy-bakalavrov-pedagogicheskogo-vuza> (otinin berilgen kuni: 08.10.2019).
- [3] Zimnyaya I. A. Klyuchevye kompetencii - novaya paradigma rezul'tata obrazovaniya /I.A. Zimnyaya // Vyshee obrazovanie segodnya. – 2003. – № 5. – 36-39 б.
- [4] Mazbayev O., Alieva L., Demeuov A. Problematic issues of geographical education in Kazakhstan Mazbayev O., Alieva L., Demeuov A. E3S Web of Conferences, 2020, 166, <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202016610032>
- [5] Zhoya Q., Sarqytqan Q., Isakov E.D., Turizm mamandaryn dayarlauda «Geoekologiya zhane turizm» panin oquytudun pedagogikalыq tekhnologiyalary //Qazaq ulttyq qyzdar pedagogikalыq universitetini Habarshysy. – 2020. – № 3(83). – 31-38 б.
- [6] Ivleva N.V. Turistko-kraevedcheskaya deyatel'nost' kak sredstvo formirovaniya nravstvennoj lichnosti shkol'nikov: Avtoref. dis. ... kand. пед.наук: 13.00.01. – Алматы, 2006. – 24 б.
- [7] Daurenbaeva. Zh.A. Ulketanu materialdaryn pajdalanu arqyly negizgi mekteptin oqushylaryn elzhandylyqqa tarbielau: Ped. ғыл. кан. ... avtoref. 13.00.01. – Алматы, 2008. – 24 б.
- [8] Qudajbergenova K. Quzyrlylyq – tulga damuynyn sapalyq kriterij //Bilim sapasyn bagalaudyn maseleleri: adisnamalyq negizi zhane praktikalyq natizhesi: Halyqaralyq gylymi - praktikalyq konferenciyanyn materialdary. – Алматы: KazMU, 2008. – 30-32-б.
- [9] Qozhahmetova K.ZH. Kazahskaya etnopedagogika: metodologiya, teoriya, praktika. – Алматы, Fylym, 1998. – 317 б.
- [10] Ovcharova R.V. Prakticheskaya psihologiya obrazovaniya: Uchebnoe posobie dlya stud. psihol. fak. universitetov. – М.: Akademiya, 2003. – 178 б.
- [11] Aldasheva A.A. Professional'naya kompetentnost': ponyatie i struktura /A.A. Aldasheva //Vestnik Aдыgejskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2012. – No4(109). – 52 б.

[12] Saipov A.A. Problemy podgotovki specialistov v sisteme turizma/ materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Almaty: AGU im.Abaya, 1997. – 105 s.

[13] Zholdasbekov A.A. Organizacionno-pravovye osnovy turistskoj deyatel'nosti v Respublike Kazahstan. – Almaty, 1987. – 136 b.

[14] Mazbaev O.B. Podgotovka budushchih uchitelej k rukovodstvu turistsko-kraevedcheskoj deyatel'nost'yu so shkol'nikami: Avtoref.dis. kand.ped.nauk: 13.00.01;13.00.02 / Kazah.in-t probl.obrazovaniya im. I.Altynsarin, 1993. – 23 b.

Теоретические основы формирования туристско-краеведческих компетенций студентов образовательной программы «География»

Е.Д.Исаков^{1}, О.Б.Мазбаев², Ш.У.Лайсханов¹*

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)*

*²Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева
(Нур-Султан, Казахстан)*

Аннотация

Качественное осуществление профессиональной деятельности и достижение необходимых результатов будущим специалистом напрямую зависит от профессиональных компетенций. Поэтому большое значение имеют теоретические труды, посвященные изучению проблем формирования профессиональных компетенций. В данной статье рассматриваются основы профессиональной компетентности и образовательные программы географии в высших учебных заведениях, вопросы формирования туристско-краеведческих компетенций студентов. Обсуждены теоретические основы формирования туристско-краеведческих компетенций на основе трудов отечественных и зарубежных ученых. Также была оценена возможность формирования туристско-краеведческих компетенций современных географических образовательных программ, включенных в реестр образовательных программ, предложены пути обеспечения самообразования и личностной позиции, способствующие оптимальному решению проблем, возникающих в туристско-краеведческом процессе. Эти компетенции были определены на основе основных профессиональных компетенций, предложенных Хуторской А.В., Зимняя И.А., Ивлевой Н.В., Дауренбаевой Ж.А., Кудайбергеновой К.С., Кожахметовой К.Ж. и другими учеными с целью повышения эффективности и формирования компетенций туристской и краеведческой направленности в образовательных программах «География».

Ключевые слова: компетенция; география; туризм; краеведение; студент; образование.

Theoretical foundations of the formation of tourist and local lore competencies of students of the Geography educational program

Ye.Issakov^{1}, O.Mazbayev², Sh.Laiskhanov¹*

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)*

*²L.N.Gumilyov Eurasian National University
(Nur-Sultan, Kazakhstan)*

Abstract

Professional competencies directly depend on the quality of professional activity of the future specialist and the achievement of the necessary results. Therefore, theoretical works devoted to the study of the problems of the formation of professional competencies are of great importance. In this regard, the article discussed the basics of professional competence in higher educational institutions and the formation of tourist and local lore competencies of students of educational programs of geography, the theoretical foundations of the formation of tourist and local lore competencies

on the basis of competencies proposed by domestic and foreign scientists. Also, the possibility of forming tourist and local lore competencies of modern geography educational programs registered in the Register of educational programs was evaluated, and competencies that provide independent knowledge and personal position that contribute to the optimal solution of problems encountered in tourist and local lore were presented. These competencies were determined on the basis of the main professional competencies proposed by A.V. Khutorskoy, I.A. Zimnyaya, N.V. Ivleva, Zh.A. Daurenbayeva, K.S. Kudaibergenova, K.Zh. Kozhakhmetova and other scientists in order to improve the formation and effectiveness of competencies in the field of tourism and local lore in the educational programs «Geography».

Keywords: competence; geography; tourism; local lore; student; education.

Редакцияға 30.05.2021 қабылданды.

МРНТИ 18.49.07

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.05>

С.А.БАКИРОВА

Казахская национальная академия хореографии (Нур-Султан, Казахстан)
*bakirova59@mail.ru**

ПЕДАГОГИКА ХОРЕОГРАФИИ: ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ И ПРИНЦИПЫ

Аннотация

В статье раскрываются основные принципы обучения, в которых сохранены преемственность традиций и специфика профессии в подготовке специалистов в области хореографического искусства. Авторы анализируют особенности преподавания в области хореографического искусства, разрабатывают его концепции и принципы на основе опыта преподавательской и исполнительской практики в подготовке специалистов-наставников, педагогов-хореографов детских танцевальных коллективов. На основе научных трудов в области общей педагогики и педагогики хореографического искусства авторами разработаны современные принципы обучения и представлены результаты исследования на рассмотрении.

Признание хореографического искусства Казахстана на мировом уровне является результатом высокого творческого потенциала балетмейстеров, исполнительским мастерством танцоров и бесценного труда отечественных педагогов-хореографов. В условиях интенсивного развития инновационного, технологически-интеграционного процесса, особая специфика хореографической педагогики, основные функции и профессиональная деятельность педагогов-хореографов требуют научно-творческого исследования и грамотной дифференциации.

Ключевые слова: педагогика хореографии, принципы обучения, система образования, методы и приемы, педагогические инновационные технологии.

Введение. В настоящее время в Казахстане основная цель преподавателей творческих вузов – это воспитание и развитие творческих способностей обучающихся. В этой связи качественное проведение базовых и профилирующих дисциплин, результативность проведенных занятий с обучающимися связаны с педагогическим мастерством тьютора

оптимально организовать занятия в учебно-творческом процессе. Вот как оценивают систему образования в хореографическом искусстве с точки зрения науки доктор культурологии, кандидат педагогических наук Т.А. Филановская: «Образование – это фундамент, основание для возведения всей хореографической культуры. Фундаментальные основы образования позволяют и дальше развивать, усложнять, углублять, совершенствовать